

ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР

Ветеринариялық тәжірибеге Қ.Б.Бияшевтің ғылыми мектебімен Республиканың шаруашылықтарында жоғары тиімділікпен сынақтан өткен 40-тан астам дәрілік препараттар ұсынылды. Бұл препараттарға 100-ден астам патент алынды, 48 нормативтік құжат әзірленді. Жас ауылшаруашылық жануарлары мен құстарының бактериялық инфекцияларының алдын алу үшін ұсынылады:

- «Жаңа туылған ауылшаруашылық жануарларының ішек-қарын ауруларының алдын алу әдісі», Пайдалы модельге патент №4284. 24.04.2019ж.

- «Пробиотикалық препаратты алу үшін қолданылатын бактериялардың *Escherichia coli* 39 SN штаммы». Пайдалы модельге патент №4145. 08.04.2019 ж.

- «Жаңа туылған жас жануарлар мен құстардың асқазан-ішек ауруларын емдеуге және алдын алуға арналған «Антакон» препараты» Қазақстан Республикасының инновациялық патенті № 29932. 15.06.2015 ж., бюллетень.

- «Жас ауылшаруашылық жануарлары мен құстардың ішек инфекцияларына қарсы тиімді пробиотикалық препарат жасау үшін қолданылатын *E. coli* 64G бактерия штаммы», патент № 28311, 20.05.2013 ж.

- «Энтерокол» препараты, оны дайындау әдісі, жас ауылшаруашылық жануарлары мен құстарының ішек инфекцияларының алдын алу әдісі», патент № 25918, 15.08.2012 ж.

- «Жас ауылшаруашылық жануарлары мен құстарының ішек инфекцияларына қарсы тиімді пробиотикалық препаратты өндіру үшін қолданылатын *E.coli* бактерия штаммы», патент № 23876, 30.12.2009 ж.

- Шошқа колибактериозына қарсы тірі вакцина. Инновациялық патент № 11498 12.08.2009 ж.

- Биенің сальмонеллезден іш тастауына қарсы бивалентті вакцина («Бие сальмонеллезден іш тастауын алдын алу әдісі» патент №32327. 31.07.2017);

- Қой сальмонеллезіне қарсы тірі вакцина («Қой сальмонеллезіне қарсы тірі вакцина дайындауда *Salmonella abortusovis* -37 бактерия штаммы» патент №30434 от 22.09.2017ж.);

- ІҚМ сальмонеллезіне қарсы поливалентті вакцина («Ірі қара мал сальмонеллезіне қарсы тірі вакцина дайындауда қолданылатын *Salmonella dublin* 31 бактерия штаммы. Патент №32022, 31.03.2017 ж.;

- «Жануарлар сальмонеллезіне қарсы поливалентті вакцина». Патент №32879. 12.10.2017 ж.;

- Суда жүзетін құстардың сальмонеллезіне қарсы тірі вакцина. Инновациялық патент № 11490 08.05.2004ж.

- Тауық пуллорозына қарсы тірі вакцина. Патент №12827, 08.01.2004 ж.

Қазіргі уақытта жануарлардың жалпы жұқпалы ауруларының алдын алу үшін көптеген препараттар сәтті қолданылады:

- Ауыл шаруашылығы жануарлары мен терісі бағалы аңдардың лептоспирозына қарсы поливалентті вакцина (патент №12828, 14.05.2002);
- Ауылшаруашылық жануарларының пастереллезіне қарсы поливалентті вакцина (патент №11490, 28.12.2000);
- Сиыр желінсауына қарсы поливалентті вакцина «Мастивак». (№ 34152, 20.08.2019).

Жұқпалы патологияларды емдеудің тиімді спецификалық әдістері ретінде мыналар әзірленді:

- Пастереллезге қарсы поливалентті гипериммунды қансарысуы. Алдын ала патент №14078, 07.04.2001 ж.
- Лептоспирозға қарсы поливалентті гипериммунды қансарысуы. Алдын ала патент №14075, 07.01.2004 ж.
- Желінсауға қарсы поливалентті гипериммунды қансарысуы. Алдын ала патент. № 90673 24.10.2014 ж.
- Шошқа колибактериозына, сальмонеллезге және ісік ауруына қарсы поливалентті гипериммунды қансарысуы. Алдын ала патент. №11706, 24.04.2002 ж.